

Бөрлі ауданы Ақсай қаласы Қызылтал және Аралтал ауылдарының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 148 және Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 34-5 бірлескен қаулысы мен шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 наурызда № 4304 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Қызылтал, Аралтал ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Бөрлі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсай қаласының мынадай көшелері қайта аталсын:

1) Қызылтал ауылы бойынша:

"Бөрлі" көшесі – "Әбілқайыр хан" көшесі;

"Ақбұлақ" көшесі – "Кенесары хан" көшесі;

"Миргород" көшесі – "Бейбарыс сұлтан" көшесі;

"Новая" көшесі – "Керемет" көшесі;

"Амангелді" көшесі – "Байбарақ батыр" көшесі;

"Шыңғырлау" көшесі – "Абдолла Жұмағалиев" көшесі;

2) Аралтал ауылы бойынша:

"Луговая" көшесі – "Игілік" көшесі;

"Шыңғырлау" көшесі – "Бірлік" көшесі;

"Құрылыс" көшесі – "Мейрам" көшесі.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Б. Б. Мукашева) осы қаулы мен шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы және шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бөрлі ауданы әкімінің
міндетін атқарушы
Сессия төрағасы*

А. С. Сафималиев

К. Т. Ермекбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК